

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қарашадағы № 1307 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 4-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат, 2010 ж. № 5, 23-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-баптың 8), 9), 12), 13), 14) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«8) инвестициялық келісім-шарт – инвестицияларды жүзеге асыруға арналған инвестициялық преференцияларды көздейтін шарт;

9) модельдік келісім-шарт – Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін және инвестициялық келісім-шарттар жасасқан кезде пайдаланылатын үлгі келісім-шарт;

12) жұмыс бағдарламасы – инвестициялық жобаны іске асыру жөніндегі жұмыстардың күнтізбелік кестесін белгілейтін инвестициялық келісім-шартқа қ о с ы м ш а ;

13) технологиялық жабдық – инвестициялық жобаның технологиялық процесінде пайдалануға арналған және Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің Тауар номенклатурасының тауар позициялары бойынша Кеден одағының комиссиясы жасаған тауарлардың тиісті тізбесіне енгізілген тауарлар;

14) жинақтауыштар – жиынтығында технологиялық жабдықтың конструкциялық тұтастығын құрайтын және Кеден одағының комиссиясы жасаған тауарлардың тиісті тізбесіне енгізілген құрамдас бөліктер;»;

2) 13-баптың бірінші абзацындағы «келісім-шарт» сөзі «инвестициялық

келісім-шарт» сөздерімен ауыстырылсын;
3) 14 - бапта :
2 - тармақ алып тасталсын ;

4-тармақтағы «келісім-шарт» сөзі «инвестициялық келісім-шарт» сөздерімен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) 17 - бапта :
1, 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Инвестициялық келісім-шарт шеңберінде инвестициялық жобаны немесе инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыратын заңды тұлға Кеден одағының заңнамасына сәйкес технологиялық жабдықтың, оған жинақтауыштар мен қосалқы бөлшектердің, шикізат пен материалдардың импорты кезінде кедендік баждар салудан б о с а т ы л а д ы .

2. Кеден баждарын салудан босату инвестициялық келісім-шарттың қолданыс мерзіміне, бірақ инвестициялық келісім-шарт тіркелген кезден бастап 5 жылдан аспайтын мерзімге беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармағымен толықтырылсын:

«2-1. Шикізат пен материалдарды әкелуге қатысты кеден баждарын салудан босату заңды тұлғаларға тіркелген активтердегі инвестициялардың көлеміне қарай және инвестициялық жоба экономикалық қызмет түрлерін жалпы жіктеуіштің сыныптары деңгейінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қызметтің басым түрлерінің тізбесіне сәйкес келген жағдайда 5 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Қызметтің басым түрлерінің тізбесі жылына бір реттен артық емес қайта қаралуы мүмкін.»;

5) 18 - баптың 1 - тармағында :

бірінші бөліктегі «келісім-шартқа» сөзі «инвестициялық келісім-шартқа»
с ө з д е р і м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұсынылған мемлекеттік заттай грантты меншікке немесе жер пайдалануға өтеусіз беру үшін уәкілетті органның шешімі негіз болып табылады. Уәкілетті органның шешімі инвестор мен уәкілетті органның арасында жасалған инвестициялық келісім-шартқа сәйкес инвестор инвестициялық міндеттемелерін орындаған жағдайда, инвестициялық келісім-шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін қабылданады.»;

6) 19 - бапта :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) жобаны іске асыру кезінде пайдаланылатын құрылыс-монтаж жұмыстарының сметалық құнын және тіркелген активтерді, шикізат пен материалдарды сатып алуға арналған шығындарды негіздейтін құжаттардың нотариалды куәландырылған кө ш і р м е л е р і ; » ;

8) тармақша алып тасталсын ;

7) 21, 21-1, 22 және 23-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«21-бап. Инвестициялық келісім-шарт жасасу

1. Уәкілетті орган инвестициялық преференциялар беру туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде модельдік келісім-шарттың ережелерін ескере отырып, инвестициялық келісім-шартты қол қоюға дайындайды.

2. Инвестициялық келісім-шартты қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган тіркейді және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

3. Инвестициялық келісім-шарттың қолданыс мерзімі инвестициялық преференциялардың қолданыс мерзімімен айқындалады. Жұмыс бағдарламасы бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімі инвестициялық келісім-шарттың қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін кемінде тоғыз ай бұрын бітуі тиіс.

21-1-бап. Инвестициялық келісім-шарт талаптарының сақталуын бақылау

1. Инвестициялық келісім-шарттар талаптарының сақталуын бақылауды уәкілетті орган мынадай нысандарда:

1) камералдық бақылау - уәкілетті орган осы баптың 2-тармағына сәйкес ұсынылған есептерді зерделеу және талдау негізінде жүзеге асыратын бақылау;

2) инвестициялық қызмет объектісіне бара отырып, оның ішінде, жұмыс бағдарламасын және инвестициялық келісім-шарт талаптарын орындау жөніндегі құжаттарды қарастыру арқылы жүзеге асырады.

2. Инвестициялық келісім-шарт жасасқаннан кейін Қазақстан Республикасының инвестициялық келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасы уәкілетті органға:

1) жұмыс бағдарламасы қолданыста болған кезде уәкілетті орган айқындайтын нысан бойынша есепті;

2) жиырма бесінші шілде мен жиырма бесінші қаңтардан кешіктірмей тіркелген активтерді пайдалануға беруді, шикізатты және/немесе материалдарды жеткізу мен пайдалануды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жұмыс бағдарламасында көзделген шығындарды баптар бойынша толық жазып, жұмыс бағдарламасының орындалуы туралы жартыжылдық есептерді береді.

3. Жұмыс бағдарламасына өзгерістер тараптардың келісімі бойынша жылына бір рет енгізіле алады.

4. Инвестициялық қызмет объектілеріне бара отырып, тексеру:

1) жұмыс бағдарламасы аяқталған жағдайда инвестициялық келісім-шарттың қолданысы аяқталғанға дейін үш айда аяқталатын алты ай кезеңінде;

2) технологиялық жабдықтар, оның жинақтауыштары, қосалқы бөлшектері, шикізат және/немесе материалдар түріндегі объектілер импортын кедендік баждар салудан босату жүзеге асырылған жылдан кейінгі жылдан бастап, жыл сайын жүргізіледі.

5. Тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның өкілі мен инвестициялық келісім-шарт жасасқан заңды тұлғаның басшысы инвестициялық келісім-шарттың жұмыс бағдарламасының орындалуының ағымдағы ахуалы актісіне қол қояды.

6. Инвестициялық келісім-шарттың жұмыс бағдарламасы орындалмаған немесе

дұрыс орындалмаған жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының инвестициялық келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасына бұзушылықтарды көрсете отырып, жазбаша түрде хабарлама жібереді және бұзушылықтарды жою үшін екі ай мерзім белгілейді.

7. Егер уәкілетті орган жүргізген тексеру нәтижелері бойынша инвестициялық жобаны іске асыру үшін әкелінген және кедендік баждар төлеуден босатылған технологиялық жабдық, оның жинақтауыштары, қосалқы бөлшектері, шикізаты және/немесе материалдары пайдалануға берілмегені, не пайдаланылмағаны анықталған жағдайда, инвестициялық келісім-шарт бойынша ұсынылған инвестициялық преференциялар салдарынан кедендік баждардың сомасын төлемеген Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте өсімпұлды есептей отырып, пайдаланылмаған жабдық, оның жинақтауыштары, қосалқы бөлшектері, шикізаттар мен материалдар бөлігінде оларды төлейді.

8. Инвестициялық келісім-шарттың бұзылуы туралы ақпарат мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мыналарға:

1) тиісті шаралар қабылдау үшін мемлекет алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуына салықтық бақылауды қамтамасыз ететін уәкілетті мемлекеттік органға және қажет болған жағдайда өзге де мемлекеттік органдарға;

2) оларға сәйкес мемлекеттік заттай грант берілген келісім-шарттар бойынша - мемлекет алдындағы салық міндеттемелерінің орындалуына салықтық бақылауды қамтамасыз ететін уәкілетті мемлекеттік органға, мемлекеттік мүлікті және (немесе) жер ресурстарын басқару саласындағы мемлекеттік органдарға, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі.

9. Қазақстан Республикасының инвестициялық келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасының инвестициялық келісім-шарттың қолданысы барысында:

1) берілген мемлекеттік заттай гранттың, сондай-ақ жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған мүліктің нысаналы бағытын өзгертуге;

2) берілген мемлекеттік заттай грантты, сондай-ақ жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған мүлікті иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

10. Кедендік баждар салудан босату объектілерінің мақсатты пайдаланылуын бақылау Кеден одағы комиссиясы айқындаған тәртіпте жүзеге асырылады.

22-бап. Инвестициялық келісім-шартты бұзу жағдайлары

1. Инвестициялық преференциялардың қолданылуы инвестициялық келісім-шарттың қолданылу мерзімі біткен соң тоқтатылады не осы бапта белгіленген тәртіпте осындай мерзім біткенге дейін тоқтатылуы мүмкін.

2. Инвестициялық келісім-шарттың қолданылуы:

1) тараптардың келісімі бойынша;

2) бір жақты тәртіпте мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

3. Уәкілетті орган мынадай жағдайларда:

1) өтініш беруші табыс еткен мәліметтердің бұрмаланғаны немесе жасырылғаны анықталған және бұл инвестициялық преференциялар беру жөніндегі шешімге ықпал еткен жағдайда;

2) Қазақстан Республикасының инвестициялық келісім-шартты жасасқан заңды тұлғасының инвестициялық келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған кезде;

3) осы Заңның 21-1-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының инвестициялық келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасы табыс еткен есептіліктегі мәліметтердің бұрмаланғаны немесе жасырылғаны анықталған жағдайда, бұл туралы Қазақстан Республикасының инвестициялық келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасына жазбаша түрде хабарлаған кезден бастап екі ай өткен соң инвестициялық келісім-шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

Бұл жағдайларда аталған заңды тұлға инвестициялық келісім-шарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомасын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген айыппұл санкцияларын қолдана отырып төлейді.

4. Қазақстан Республикасының инвестициялық келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасының бастамасы бойынша инвестициялық келісім-шарт біржақты тәртіпте мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, аталған заңды тұлға инвестициялық келісім-шарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте өсімпұлды есептей отырып төлейді.

5. Инвестициялық келісім-шарт тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Қазақстан Республикасының инвестициялық келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасы инвестициялық келісім-шарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар нәтижесінде төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомасын төлейді.

6. Инвестициялық келісім-шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Қазақстан Республикасының инвестициялық келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасы өзіне мемлекеттік заттай грант ретінде берілген мүлікті заттай, не инвестициялық келісім-шарттың талаптарына сәйкес оның берілген күнгі бастапқы құнын қайтарады.

7. Мемлекеттік заттай грантты қайтаруды Қазақстан Республикасының инвестициялық келісім-шарт жасасқан заңды тұлғасы уәкілетті орган инвестициялық келісім-шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдағаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырады.

23-бап. Инвестициялық келісім-шарттардың тұрақтылығы

1. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін инвестициялар бойынша уәкілетті мемлекеттік органмен жасалған инвестициялық келісім-шарттар негізінде берілген

жеңілдіктер осы инвестициялық келісім-шарттарда белгіленген мерзім аяқталғанға дейін өзінің қолданылуын сақтайды.

2. Осы Заңның 21-1-бабының 2-тармағы 1) тармақшасы үшінші абзацының және 2) тармақшасының, 22-бабының 3, 4 және 5-тармақтарының салықтар сомасын төлеу бөлігіндегі нормалары уәкілетті органмен жасалған инвестициялық келісім-шарттар бойынша 2009 жылдағы 1 қаңтарға дейін қолданылуын сақтайды.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК